ПО ИТОГАМ 2023 ГОДА ОБЪЕМ ПЕРЕВЕЗЕННЫХ ГРУЗОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ ПО КОРИДОРУ СЕВЕР – ЮГ СОСТАВИЛ 2,1 МИЛЛИОНА ТОНН, ЧТО НА 4% БОЛЬШЕ ПРЕДЫДУЩЕГО ГОДА. К 2027 ГОДУ ТРАНСПОРТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ КОРИДОРА БУДЕТ УВЕЛИЧЕН С 6 ДО 10 МИЛЛИОНОВ ТОНН В ГОД.

Максат КАЛИАКПАРОВ,
вице-министр транспорта РК




№21 (2951)
05/03/2024

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА


## МЕМОРАНДУМ ОТКРЫВАЕТ ВОЗМОЖНОСТИ

**АО «НК «ҚТЖ» заключило трехсторонний меморандум о сотрудничестве, который открывает новые международные перспективы.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Астана



Так, АО «НК «Қазақстан темір жолы», Xi'an Free Trade Port Construction and Operation Co., LTD (КНР) и АО «Славтранс-Сервис» (РФ) рассматривают возможность совместного инвестирования в создание новой транспортно-складской базы в ТЛЦ «Селятино» (РФ) для дальнейшего продвижения и углубления китайско-казахстанско-российского импортно-экспортного экономического и торгового сотрудничества.

Стороны уверены, новый меморандум станет значимым шагом в обеспечении высококачественных логистических решений. Этот шаг является продолжением осуществляемой политики, заданной Главой государства.

Напомним, во время своего недавнего посещения АО «НК «Қазақстан темір жолы» Президент Касым-Жомарт Токаев в формате телемоста принял участие в церемонии открытия Транспортно-логистического центра в Сиане.

– Дорога – это источник жизни. Без железных дорог экономика не будет развиваться. Я уделяю первостепенное внимание развитию железнодорожной отрасли. Сегодня провели хорошее мероприятие, связанное с открытием сухого порта в городе Сиане. Действительно, транспорт и логистика являются приоритетными направлениями. Сейчас все государства борются за доступ к транспортно-логистическим возможностям. Потенциал – даже не столько природные ресурсы, сейчас главное – перевозка товаров, налаживание логистических цепочек, – сказал тогда Касым-Жомарт Токаев.

Также в рамках заключенного трехстороннего меморандума о сотрудничестве партнеры будут совместно развивать линейные перевозки Сиань – Алашанькоу/Хоргос – Селятино для укрепления международного логистического коридора.

Отметим, «Славтранс-Сервис» работает с 2001 года и является одним из лидеров отрасли железнодорожной контейнерной и складской логистики, предоставляющим услуги на самом высоком уровне.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## ЖҮК САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ СӨЗ БОЛДЫ

**«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да өткен кеңейтілген селекторлық кеңесте 2023 жылы тасымалданған жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары қорытындыланды.**

Жиынға Бас көлік прокуратурасының, Көліктегі полиция басқармасының, Әскерилендірілген теміржол күзеті басқармасының өкілдері, жол және магистральдық желі бөлімшелерінің, сондай-ақ еншілес ұйымдардың басшылары қатысты. Жиында теміржол көлігі нысандарында тасымалданатын жүктердің, жылжымалы құрамның және тауарлық-материалдық құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған Бірлескен іс-шаралардың кешенді жоспары талқыланды.

Тасымалданатын жүктерге адамдардың қолжетімділігін болдырмау және жүктердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында былтыр ҚТЖ бойынша «Достық» және «Алтынкөл» шекаралық өткелдерінде көмірді тиеу, қайта тиеу және Қытай – Еуропа – Қытай халықаралық қатынасында тасымалданатын контейнерлердегі жүктердің қауіпсіздігін тексеру айлықтары ұйымдастырылды. Станцияларда вагондар мұқият тексерілді. Қайта тиеу терминалдары мен вокзал аумақтары бейнебақылау камераларымен жабдықталған. Жүктерді қорғау үшін электрондық техникалық құралдар (құлыптау және пломбалау құрылғылары) қолданылуда.

«Әскерилендірілген теміржол күзеті» АҚ контейнерлік пойыздарды күзетіп жүру жағдайын «Vinterm» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бақылауға алған. Бұдан бөлек Достық, Бесқөл және Луговая станцияларында жылжымалы жедел әрекет ету тобының қосымша бөлімшелері жұмыс істеуде. Осы ретте теміржолшылар заңды фактілердің алдын алу және анықтауда құқық қорғау органдарына көмек көрсетіп келеді. Кеңеске қатысушылар теміржол көлігі нысандарындағы ұрлық-қарлыққа қатысты жауапкершілікті заң деңгейінде қатайтуды ұсынды. Селекторлық кеңестің қорытындысы бойынша тасымалданатын жүктерді, оның ішінде халықаралық тасымалдарда күзетті күшейту, жүктердің сақталмауына станция бастықтары мен бөлімше басшыларының жеке жауапкершілігін арттыру ұсынылды.

*Нұрбек БЕКЕН*



**Владимир БАБИЧЕНКО,**
«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының корпоративтік мәселелер жөніндегі орынбасары:

«ВАГОН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ – КӘСІБИ ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕРДІ ЖЕТІЛДІРУГЕ БАҒЫТТАЛЫП ОТЫР. ОСЫ БАҒДАРЛАМА АЯСЫНДА ҮЗДІК НӘТИЖЕ КӨРСЕТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНКТ-ПЕТЕРБУРГТЕГІ КӨШПЕЛІ МОДУЛЬГЕ ҚАТЫСАТЫН БОЛАДЫ»

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

«ҚОРҒАС» БАҚЫЛАУ ПУНКТІ АРҚЫЛЫ БИЫЛ ҚЫТАЙДАН ЕУРОПА ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БАҒЫТЫНА
**1000**
АСТАМ ПОЙЫЗ ӨТКЕН.

ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ТЕМІР ЖОЛДА МАШИНИСТЕР
**280**
АСТАМ РЕТ ШҰҒЫЛ ТЕЖЕГІШТІ ҚОЛДАНҒАН.

«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ӨТКЕН ЖЫЛЫ
**27**
КЕЛІДЕН АСТАМ БАТАРЕЯНЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ҰЙЫМҒА ТАПСЫРҒАН.

Логистика

## ТРАНЗИТТІК ТАСЫМАЛ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

**Жақында Қытайдың Чунцин қаласында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының логистика жөніндегі орынбасары Ерлан Қойшыбаев Чунцин қаласы муниципалитетінің порттық логистикалық аймағы мен Yuxinou (Chongqing) Logistics Co., Ltd. логистикалық платформасының басшыларымен кездесті.**

**Ислам ТАЛҒАТ,**
Астана



Кездесу барысында «Бір белдеу, бір жол» бастамасы шеңберінде транзитті ұлғайтуға қатысты «KTZ Express» АҚ және Yuxinou компаниялары Қазақстан арқылы 200 контейнерлік пойызды ұйымдастыру және жөнелту туралы келісімге қол қойды. Оның ішінде Транскаспий халықаралық көлік бағдары бойынша жүк көлемі 20 мың ЖФЭ-ден асады деп күтілуде.

Осы жылдың басынан бастап Yuxinou мен ҚТЖ компаниясы Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы Чунцин қаласынан Грузияның Поти қаласына дейін жеткізу мерзімі орта есеппен 14 күнді құрайтын бірлескен сервис ұйымдастырып үлгерді.

Бұған дейін, яғни 2024 жылдың басынан бастап «ҚТЖ» ҰК» АҚ Сиань, Цзянсу, Пекин, Чжэнжоу, Чунцин логистикалық платформаларымен Қазақстан аумағы бойынша 3500 транзиттік контейнерлік пойыздарды ұйымдастыру және жөнелтуге қатысты уағдаластықтарға қол жеткізген болатын. Бұл шамамен 350 мың ЖФЭ құрайды.

Жалпы Қазақстан мен Қытай арасындағы жүк тасымалына қатысты ынтымақтастық жүк тасымалының, соның ішінде транзиттік тасымалмен қатар экспорттың да өсуіне оң ықпалын тигізіп отыр. Мәселен, Қытаймен қатынаста ҚТЖ желісі бойынша жүк тасымалдау көлемі 2024 жылдың қаңтарында 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 22% өсіп, 2,4 млн тоннаны құрады. Ал Қытайға бағытталған жүк экспорты өткен жылғы көрсеткіштен 43% асып, 1 млн тоннаны құрады. Бұл ретте темір рудасының экспорты 19%-ке, астық – 37%-ке, қара металдар – 2 есе, түсті металдар – 2,2 есе өскенін айтар едік. Сондай-ақ контейнерлерде экспортқа жүктерді тасымалдау да 2,2 есе өскен.

## ЕЩЕ ОДНА ТЫСЯЧА

**Более тысячи поездов из Китая в Европу и Центральную Азию проследовало через погранпереход Достык – Алашанькоу с начала года.**



Тысячный поезд, загруженный механическими деталями, компрессорами кондиционеров и электромобилями, отправился из Алашанькоу в направлении Малашевиче (Польша). Эта отметка превышена на шесть дней раньше, чем в прошлом году.

– На основе реализации плана каждый день мы продолжаем повышать уровень четкой организации производства перевозок, внедряем «приоритетную группировку и приоритетную отправку» для отправляющихся поездов, а также внедряем «предварительный заказ вагона и обмен товара по прибытии». Поезда передаются сбалансированно и безопасно, – сказал заместитель директора цеха эксплуатации станции Алашанькоу Ян Жуй.

Работники станции Достык и Алашанькоу выработали эффективный механизм взаимодействия для обеспечения бесперебойного приема и отправления поездов Китай – Европа, укрепляют сотрудничество с таможней и другими ведомствами. В связи с этим скорость оборота поездов продолжает увеличиваться, при этом среднее время обработки сокращается.

Товаров, перевозимых поездами Китай – Европа, становится все больше. Напомним, ранее тысячный грузовой поезд Китай – Европа (Центральная Азия) проследовал также через КПП Хоргос. Этот показатель достигнут на четыре дня раньше, чем в прошлом году.

*Роман ЛЮБИМОВ*

## РЕМОНТ ПО ПРИНЦИПУ «ОДНОГО ОКНА»

ИНФРАСТРУКТУРА

**Новую вагоноколесную мастерскую (ВКМ) открыли на базе Аякозского вагоноремонтного депо. Она стала шестой в производственной семье ТОО «Қамқор Вагон» и позволит организовать на предприятии полный цикл ремонта грузовых вагонов по принципу «одного окна». Проект имеет огромное значение для Восточного региона страны.**

**Любовь РОВБА,**
Астана



ТОО «Қамқор Вагон» пошагово решает задачу расширения регионального присутствия компании в сфере оказания услуг по ремонту и формированию колесных пар в различных регионах Казахстана. На сегодняшний день на базе пяти филиалов организованы вагоноколесные мастерские и отдельно ВКМ на станции Алматы-1.

Открытие ВКМ на базе Аякозского вагоноремонтного депо обусловлено необходимостью своевременного реагирования на планируемые к реализации проекты по увеличению транзитно-транспортного потенциала страны.

Для нового производства построили отдельное помещение, приобрели и установили современное прессовое оборудование, токарно-карусельные и токарно-накатные станки. Кроме того, организована отдельная позиция магнитопорошкового и ультразвукового контроля продукции для эффективного контроля качества формирования колесных пар. Персонал прошел обучение на производственных участках.

Комиссия АО «НК «ҚТЖ», в состав которой вошли ревизоры и ответственные специалисты вагонного хозяйства, провела обследование производства и приемку опытных образцов колесных пар. В результате получено свидетельство с расширением условного номера клеймения на производство капитального ремонта колесных пар.

(Продолжение на 3-й стр.)

rail-news.kz
№21 (2951) 05/03/2024

# ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

**Азамат ҚҰЛЫМБЕТ**
Қызылорда

НӘТИЖЕ

**Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің Қазалы жол дистанциясының ұжымы былтырғы жылдың қорытындысын арнайы жиынға шығарып, онда «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов жыл үздіктерін марапаттады.**



Бұл дистанцияның жолшылары Жосалы – Аралқұм станциялары арасындағы телімдерде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтау үшін жолдардың күтімін жасап, технологиялық талаптың сақталуын бақылайды.

Телімдер арасындағы жыл қорытындысының нәтижесінде 4-орын жасанды құрылыс бөлімі, 3-орынды 3-өндірістік телім, 2-орынды 4-өндірістік телім, 1-орынды 5-өндірістік телім жеңіп алды. Оларға қаржылай сыйлық тапсырылды. Жол жөндеушілер Нұрлыбек Ақышев, Бақберген Ерханов, Мирамбек Бөлекбаев, жол шебері Нұрадин Құлманов, көпір жөндеуші Бимырза Сүюбаев, инженер технолог Жадыра Жалғасбаева, телім бастығы Шынберген Ерханов, машинист Тоқтарбек Алданышов, бөлім бастығы Асылбек Оспанов, техник Гүлнәзия Ташмағамбетова жыл үздігі деп танылды. Сонымен қатар өткел кезекшілері, өлшеу шеберлері, жол жөндеушілер мен шеберлер арасында да таңдау жасалып, 32 адам дистанция бастығының құрмет грамотасымен марапатталды.

*Суретті түсірген автор*

# ЕЛ ЛОКОМОТИВТЕРІ – МОҢҒОЛИЯДА

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

ЭКСПОРТ

**Былтыр отандық теміржол өнімдерінің экспорты кеңейіп, Қазақстанда өндірілген дизельді-электр локомотивтерінің алғашқы 4 данасы Моңғолияға жеткізілді.**

Бүгінгі күні отандық локомотивтерге Тәжікстан, Өзбекстан, Украина, Молдова, Әзірбайжан және Түрікменстан елдерінен тапсырыстар келіп түсуде. Дизельді электр локомотивінде қозғалтқыш тұрақты ток генераторын немесе айнымалы ток түзеткіш электр генераторын іске қосады.

Қазақстанда дизельді-электр локомотивтерін «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ және «Электровоз құрастыру зауыты» ЖШС кәсіпорындары шығарады. Әр кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 100 бірлік техниканы құрайды. Айта кетерлігі, елордада орналасқан «Электровоз құрастыру зауыты» кәсіпорны теміржол нарығын 2010 жылдан бастап игере бастады. Зауыт толық циклді локомотивтер шығарады және Орталық Азияның нарығында жетекші рөл атқарады.

# ЭВАКУАЦИЯЛАУ ЖҮРГІЗІЛДІ

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

**Атырау жүк тасымалы және магистральдық желі бөлімшесі ғимаратында апатты жағдайлар бойынша Дүниежүзілік азаматтық қорғау күні қарсаңында азаматтық қорғау жоспарын орындау мақсатында «Барлық қызметкерлерді эвакуациялау» тақырыбында оқу-жаттығу өтті.**

Одан бұрын өндірістік қауіпсіздік және экология мамандарымен оқу-жаттығу кезінде жарақаттанудың алдын алу шаралары жүргізілген болатын. Жаттығуға жүзге тарта қызметкерлер тартылды. Алматыдағы жағдайдан кейін жер сілкінісі бола қалған жағдайда бейқам отырмас үшін жаттығу қажеттігі ескерілді.

Соған сәйкес бұл жолы «Сейсмикалық дабыл» қағылып, барлық қызметкерлер ауладағы арнайы жиын орнына көшірілді. Содан кейін қызметкерлер еңбек орындарына қайта барды.

«Алматыдағы жер сілкінісі көп жайттың көзін ашты. Сондықтан ондаған адам ғимаратта қаннен қаперсіз отырғанда жер сілкінсе не басқа бір төтенше жағдай орын алса, қызметкерлер қалай әрекет етуі керек, мұндай жағдай кезінде өздерінің және айналасындағылардың қауіпсіздігін сақтау үшін не істеу керек? Міне, жаттығу барысында осы мәселелер түсіндірілді. Әрине оқу-жаттығу жұмыстары жиірек өтіп тұрғаны абзал. Осы мақсатта өткен шараға барлық қызметкерлер қатысты. Бұл адам өмірі мен қауіпсіздік үшін қажетті жаттығу болды», – дейді Атырау қосалқы бөлімінің азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөніндегі инженері Нұрлан Сұлтанғалиев.

# БҰРМАЛАР ЖАҢАРТЫЛА БАСТАДЫ

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

**Қызылорда жол дистанциясының жолшылары қалпына келтіру пойызының қызметкерлерімен бірлесіп бағыттамалық бұрманы ауыстыру толаскезін сәтті өткізді. Биылғы жылдың жоспарына сай бағыттамалық бұрмаларды жаңарту жұмыстары Шиелі станциясында басталды.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Шиелі

Қызылорда жол дистанциясының жетекші инженері Ахметқали Елеусінов, дистанция бойынша биылғы жылы жаңартылуы тиіс 16 бағыттамалық бұрманың алғашқысы Шиелі станциясында жүріп жатқанын атап өтті. Жолдарды талапқа сай сауықтырып, ұдайы жаңғыртып, бағыттамалық бұрмаларды ауыстыру жұмыстары алдағы күндері Ақмая бекетінде, одан кейін өзге телімдерде жалғаспақ.

Шиелі станциясының оңтүстік алқымындағы №21 бағыттамалық бұрманы ауыстыру жұмысында станция теміржолшылары маневрлік жұмыстарды ұйымдастыруды қолға алса, Қызылорда электрмен жабдықтау дистанциясының мамандары электр қуатының уақытылы ажыратылып, қажет нүктені ток күшімен жабдықтау жұмыстарын атқарған. Қызылорда сигнализация және байланыс дистанциясының өкілдері ауыстырылған бағыттамалық бұрманың электрлі жетегінің орналастырылып, қалыпты жұмыс жасауын реттеуде, Қазалы вагон пайдалану деposынның теміржолшылары болса бұрмалар тиелген жұмыс пойызы құрамының тиісті орынға жеткізілуіне міндеттелген екен. Алты сағаттық толаскез барысындағы негізгі салмақ жолшылар қауымы мен Қызылорда қалпына келтіру пойызының теміржолшыларының еншісіне түсіп отыр. Жалпы алғанда бағыттамалық бұрманы ауыстыру толаскезін барлық теміржолшылар «бір атаның баласындай» ынтымақтасып, ауызбіршілікпен уақытты тиімді пайдалана отырып атқаруда.



Бағыттамалық бұрманы ауыстыру үшін маневрлік тепловоздың, Қызылорда қалпына келтіру пойызының ЕДК-300/2 жүк көтергіш кранының, баспаналық модуль, такелажка мен жаңа темірбетон бағыттамалық бұрмалар тиелген екі платформаның жақын маңға әкелуіне кран машинистері Дулат Жұмасейітов пен Қайрат Баданов, машинист көмекшісі Валерий Камнев, шебер Бағдат Пришев жұмылдырылып, нұсқаулық бойынша әрекет етті. Ескі бұрма сөгітіліп алынып, оның орнын қажетті деңгейге дейін тегістеп тазалау жұмыстарын бульдозер жүргізушісі Дәулет Балманов атқарды. Осылайша толаскездің әрбір минутын теміржолшылар ұтымды пайдалана білді.

Электр станциясының машинисі Александр Воропаев, жолсерік Дана Сұңқарбаева да өздеріне бекітілген тапсырмаларды тыңғылықты орындады. Кранмен көтеріліп, түсірілетін заттарды нақты орнына жеткізуде стропальщик Ғани Баянбаев кәсіби шеберлігімен көзге түсті.

– Біздің ұжымның теміржолшылары мұндай жұмысты әрдайым атқарып жүрсе де, әрбір толаскезге үлкен дайындықпен келеді. Ауыстырылатын бағыттамалық бұрма шартты түрде төрт бөлікке бөлініп жиналып, осы ретпен бөлек төселіп құрастырылады. Әр бөліктің салмағы да, ұзындығы да әртүрлі. Мысалы, бағыттамалық бұрманың рельс қаңқасынан СПК-ге дейінгі бөлігінің салмағы шамамен 12 тонна, бұрманың өзге бөліктерінің салмағы да осы шамада болғандықтан әр бөлікті көтеру, түсіру, бір-біріне жалғап төсеуге біліктілік пен тәжірибе қажет. Біз сеніп тапсырылған осындай жауапты жұмысты белгіленген толаскез кезінде нәтижелі атқара білдік, – деді Қызылорда қалпына келтіру пойызының бастығы Берік Әбжаппаров.

*Суретті түсірген автор*

# АЛАКӨЛГЕ АЛАҢСЫЗ БАРА АЛАСЫЗ

СЕРВИС

**ҚТЖ-да өткен кеңесте Алакөл көлінің танымал курорттық аймағы бағытында жазғы тасымалдарды ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Оған «Атамекен» ҰКП, салалық қауымдастықтардың, туристік операторлардың өкілдері және турбазалардың иелері қатысты.**

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**
Астана

Соңғы жылдары осы көл бағытындағы пойыз сапарларына сұраныс артып келеді. 2023 жылы Алакөлге теміржол көлігімен 254 мың жолаушы тасымалданды. Бұл көрсеткіш 2020 жылғы деңгейден екі есе өсті. Алдағы жазда пойыздарда ұсынылған орындардың саны 16 мыңға артып, 270 мыңнан асады.

Тасымалдауды қамтамасыз ету үшін ҚТЖ өзінің жылжымалы құрам паркін барынша пайдалануда. Жолаушыларға ыңғайлы болу үшін Астана, Алматы, Шығыс Қазақстан және Абай облыстарынан 11 маршрут Алакөл бағытында жүретін болады. Курорттық аймаққа жіберілетін пойыздар құрамына негізінен ауа баптағыштары бар жылжымалы құрамдардан жасақталмақ.



Аялдамалар туристер үшін ең танымал орындарда – Жалаңашкөл, Ақши, Бескөл станцияларында қарастырылған. Туристік маусымның қызған шағында Жалаңашкөл станциясының вокзалында жолаушылар ағыны тәулігіне 800-ге жуық адамды, Ақши – тәулігіне 550-ге жуық жолаушыны, Бескөл – тәулігіне 220-ға жуық жолаушыны құрайды. Жолаушылар ағынының ұлғаюын ескере отырып, станциялардың вокзалдарында жолаушылардың жайлы және қауіпсіз болуы үшін жағдайлар жасалған.

Соңғы үш жылда Жалаңашкөл станциясында жолаушылар платформасы 6 есеге, яғни 650 метрге дейін ұзартылды. Тротуарлар төселіп, вокзал ғимараты жөнделді, жарықтандырылған 24 шатыр, рельстері мен пандусы бар баспалдақтар орнатылды. Сонымен қатар орындықтар мен урналар қойылды. Ақши станциясының вокзал маңы аумағында жарықтандыру нүктелерінің саны артты. Бескөл станциясында вокзал ғимараты жөндеуден өткен. Дауысзорайтқыш байланыс динамиктерінің, орындықтардың, қоқыс жинауға арналған урналардың саны артты. Вокзалдар ерекше қажеттіліктері бар жолаушыларға бейімделген: күту залында мүгедектер арбалары, пандус, арнайы орындар бар.

Кеңесте бизнес өкілдері ҚТЖ, ҰКП және туроператорлар арасында туындаған мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік беретін ашық диалог орнатылғанын атап өтті. Олардың пікірінше, соңғы жылдары ҚТЖ пойыздарында сервис жақсара түскен, жолсеріктердің құзыреттілігі артқан.

Бизнес өкілдерінің сұрақтарына жауап бере отырып, ҚТЖ туроператорлар нақты қажеттілікті ұсынған кезде Павлодар, Шымкент және Қызылордадан Алакөл көліне дейінгі біржолғы пойыздарды ұйымдастыруды қарастыруға дайын екендіктерін атап өтті. Туроператорлар үшін коммерциялық пойыздарға билеттерді ерте брондау тәртібі әлі де қолданылады – пойыз жөнелтілгенге дейін 180 тәулік. Ең жоғары кезеңде билеттерді «Күту парағы» қызметін пайдалану арқылы сатып алуға болады. Сондай-ақ ҚТЖ сапар көліктің бірнеше түрінің көмегімен жасалған кезде интермодальды тасымалдауды дамыту бойынша әуе тасымалдаушыларымен және туроператорлармен ынтымақтасуға дайын.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

# МАЛ БАСУ АЗАЙМАЙ ТҰР

ҚАУІПСІЗДІК

**Жыл басынан бергі екі айда Бейнеу жол дистанциясы бойынша жылжымалы құрамдардың 13 рет мал басу оқиғасы болған. Былтыр жыл бойына 23 жағдай тіркелген екен. Ал биыл жыл басталмай жатып, бұл деректің бірден ұлғайып, осындай көрсеткішке жетуі теміржолшылардың дабыл қағуына себеп болды.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Осы жылы Бейнеу жол дистанциясы аумағында тепловоз машинистері малдың жолға шығу салдарынан 165 рет шұғыл тежеу қолданыпты. Бұл деген қаншама шығын және әр минуты санаулы теміржол тасымалында босқа кеткен қаншама уақыт. Жылжымалы құрамға келтірілген залал және онымен тасымалданып жатқан жолаушыларға, жүктерге төнген қауіп-қатер. Сондықтан осындай оқыс оқиғаларды болдырмау, жылжымалы құрамдардың қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында теміржолшылар жолға жақын жерде тұратын халықпен, шаруа қожалықтарының иелерімен кездесіп, ауыл аралап әлек болып жүргенін айтады. Санаулы айдан соң оқу жылы аяқталып, балалар демалысқа шыққанда, бұл қауіп-қатер тағы да арта ма деген алаңдаушылық бар. Тұрғындармен кездесулерде теміржолшылар теміржолдағы оқыс тежеулердің алдын алу үшін бұл мәселеге де баса назар аударып, ата-аналарға түсінік жүргізіп жатқан көрінеді.



– Елді мекен халқы, шаруа қожалықтары, мал иелері өз қарамағындағы төрт түлікті қараусыз қалдырмай, бақташыға бақтырса, мұндай жағдайлар болмас еді. Негізінен түйе мен жылқы малы теміржол аумағына көп шығады. Сол себепті жылжымалы құрамдар жылдамдықты азайтуға, тоқтауға мәжбүр. Бұл әсіресе жолаушылар пойызының қауіпсіз қозғалысына қатер төндіріп тұр. Бейнеу бойынша мұндай учаскелер Бейнеу – Қызыл Әскер, Ақжігіт – Қызыл Әскер, Ақжігіт – Оазис, Бейнеу – №1 бекет, №1-2, №3 – Үстірт, Алтай – Теректі, Сам – Ноғайды, Ноғайды – Тұрыш станциялары мен бекеттерінің аралықтары. Сол жерлерде теміржолға жақын ауылдың тұрғындары малын қараусыз жіберіп, салдарынан бос жайылған жануарлар жолға шығып кетеді. Тұрғындармен кездесулерде бұл үшін арнайы шаралар қолданылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылатыны ескертіледі. Дей тұрғанмен, биылғы жағдай еңбегіміздің нәтиже бермей отырғанын көрсетеді, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесінің жол инженері Ерлан Аманжолов.

Оның айтуынша, мекемеге қарасты теміржол телімдерінде орналасқан Бейнеу, Тәжен, Ақжігіт, Төлеп, Сай-Өтес, Сам, Сыңғырлау, Ноғайды, Тұрыш елдімекендерінде тұратындарға теміржолдағы жол ережесін таныстыру және мал басу оқиғасын болдырмау бағытында тиісті іс-шаралар жалғасын таппақ.

*Суретті түсірген автор*

# ПОПОЛНЕНИЕ В ПАРКЕ ЛОКОМОТИВОВ

ПРОИЗВОДСТВО

**Парк локомотивов Матайского эксплуатационного локомотивного депо пополнился 13 новыми локомотивами. Из них 10 – серии ТЭ33А и ТЭ33АС прибыли из других депо, три – серии ТЭ33АС поступили с завода АО «Локомотив құрастыру зауыты».**




**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

В депо усилен контроль за обучением локомотивных бригад по работе на новых сериях локомотивов. Постоянно проводится проверка соблюдения технологической дисциплины, детально прорабатываются случаи инцидентов и срывов эксплуатационной работы с изучением необходимых мер по выходу из нестандартных ситуаций.

С начала года локомотивными бригадами было совершено 10 экстренных торможений для предотвращения наездов, в сравнении с шестью случаями за прошлый год. Наездов на людей не было зафиксировано, однако на скот – 10 случаев против пяти в предыдущем периоде. Отмечается низкий уровень транспортной дисциплины среди владельцев автотранспортных средств, которые игнорируют звуковые и световые сигналы локомотивов на железнодорожных переездах, несмотря на постоянную работу по их предупреждению. Матайскими локомотивщиками в Книгу замечаний отправлено 165 рапортов против 142 в 2023 году. И, как прежде, больше всего вопросов локомотивщики адресовали хозяйству сигнализации и связи. По данным расшифровки, за январь текущего года допущено два случая нарушений. В работе АЛСН на локомотивах допущено 39 сбоев. Если говорить об эксплуатационных показателях, то перевозочная работа за январь достигла 539,265 миллиона тонно-километров брутто, выполнение к плану – на 100,36%. Среднесуточная производительность локомотива – 1 211 тонно-километров брутто, что выше плана на 101,94%.

В депо постоянно ведется работа по обеспечению гарантированной безопасности и надежности перевозочного процесса. Начальник депо Бекзат Арстамбеков подчеркнул, что все силы направлены на безопасные условия труда, безаварийную эксплуатацию и на повышение культуры производства. В депо проводятся технические занятия с локомотивными бригадами, инженерами по расшифровке скоростемерных лент и дежурным аппаратом. Прорабатываются все обстоятельства проездов с запрещающими сигналами, сходами, столкновениями, допущенными в период прошлых лет и их причины.

По словам начальника депо, особые требования предъявляются к машинистам-инструкторам, которые отвечают за профилактическую работу, техническую подготовку колонны, мастерство вождения поезда, а также за морально-психологический климат в коллективе.

*Фото автора*

# РЕМОНТ ПО ПРИНЦИПУ «ОДНОГО ОКНА»

*(Окончание. Начало на 1-й стр.)*

– Сегодня мы официально даем старт новой ВКМ в Восточном Казахстане. Реализована очередная важная задача долгосрочной стратегии ТОО «Қамқор Вагон» на 2021-2025 годы. Новое производство построено с соблюдением всех норм безопасности, бережливого производства и экономики, – сказал на церемонии открытия генеральный директор ТОО «Қамқор Вагон» Сакен Тулебаев. – Мощность ВКМ Аякоз удовлетворяет потребностям заказчиков по ремонту колесных пар и существенно снижает транспортные издержки операторов собственников вагонов. В целях эффективного контроля качества капитального ремонта организована позиция неразрушающего контроля цельнокатаных колес и оси.



Сакен Тулебаев и директор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» Марат Шакенов при входе в цех перерезали символичную красную ленту.

– Открытие ВКМ – важное событие для региона. В рамках исполнения поручения Главы государства по повышению транспортно-транзитного потенциала в минувшем году дан старт строительству линии Бахты – Аягоз, что будет способствовать росту грузопотока. Это в свою очередь накладывает на вагоноремонтные предприятия определенную нагрузку. Поэтому выражаю благодарность руководству ТОО «Қамқор Вагон» и ТОО «Казахстанские транспортные технологии» за реализацию этого нужного проекта, – сказал Марат Шакенов.

Он отметил работоспособность и надежность коллектива депо, в чьих руках – развитие и улучшение состояния безопасности и охраны труда, и пожелал предприятию дальнейших успехов.

Также в церемонии открытия ВКМ приняли участие заместитель акима Аягозского района Нурлан Кобжасаров, заместитель акима города Аягоза Ардак Каирбаев, генеральный директор ТОО «Казахстанские транспортные технологии» Кирилл Торопов, генеральный директор ТОО «Қамқор Локомотив» Алтай Жуматаев, председатель профсоюза «Қамқор Магистраль» Светлана Байкадамова, представители отраслевого профсоюза, компаний ТОО «ТемирТрансСервис», ТОО «Бизнес-Экспо», ТОО «Олжа», ТОО «Эдельвейс Транс», ТОО «Integra Construction KZ», ТОО «Торговый дом ТТС», ТОО «Гарант Рейл Сервис» и другие.

ТОО «Қамқор Вагон» – одна из ведущих организаций Республики Казахстан, предоставляющая услуги по ремонту грузовых вагонов с ежегодной программой ремонта более 16 тысяч вагонов и 20 тысяч колесных пар. Более 1 200 профессионалов ежедневно выполняют задачи по обеспечению максимального уровня готовности подвижного состава к железнодорожным перевозкам.

Постоянное обновление и модернизация собственных производственных баз, повышение качества услуг, максимальное удовлетворение потребностей заказчиков и улучшение условий труда являются конкурентным преимуществом ТОО «Қамқор Вагон».

*Фото автора*

# РАССТОЯНИЯ НЕ СТАЛИ ПРЕГРАДОЙ

ПРОФСОЮЗ

**Более 150 участников из 109 первичных профсоюзных организаций объединил круглый стол «Мотивация профсоюзного членства в эру развития цифровых технологий», который прошел в онлайн-формате.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

В мероприятии со стороны Казахстана приняли участие профсоюзные активы Костанайского, Павлодарского, Акмолинского, Западного филиалов ОО «Казпрофтранс», его представители по Атыраускому, Семейскому регионам и Защитинскому узлу. Со стороны России – активисты «Дорпрофжела» Южно-Уральской, Западно-Сибирской, Приволжской железных дорог, а также руководство профсоюза железнодорожников и транспортных строителей Кыргызской Республики.

Круглый стол состоялся в рамках меморандума о приграничном взаимодействии и сотрудничестве между ОО «Казпрофтранс» и «Роспрофжел» в соответствии с общей политикой Международной конфедерации профсоюзов железнодорожников (МКПЖ). Выступая с приветственным словом, председатель Роспрофжела Сергей Черногаев отметил, что именно благодаря эре цифровых технологий стали возможными такие встречи, на которых можно обсудить все волнующие темы. В рамках выполнения соглашения о приграничном сотрудничестве проводится много мероприятий разных масштабов, направленности, но этот круглый стол с такой значимостью обсуждаемых событий проводится впервые. По словам спикера, такие встречи и эффективная совместная работа важны для всех.

